



КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ

2017 жыл

БОЙЫНША ЕСЕП

Біздің құндылықтарымыз кім екенімізді көрсетеді және нәтижеге жеткізетін бағыт береді. Біз әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаларына сүйене отырып қызмет атқарамыз, жұмыс істейтін аймақтарымыздың заңдарын құрметтейміз және жұртшылыққа пайда әкелеміз.



МАЗМҰНЫ:

ТШО басшылығының жолдауы	4-5
Жоғары көрсеткіштер	6-7
Адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау	8-12
Өзгешеліктерді құрметтеу және қызметкерлерді қатыстыру	13-16
Адалдық пен сенім	17
Серіктестік	18-23

Мұқабдағы сурет: 2017 жылы ТШО Каспий теңізінен 2,8 тоннаға жуық иесіз ауларды шығарып, қайта өңдеуге жіберді

«ТШО-ның сара жолы»

«ТШО-ның сара жолы» біздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, мақсатымызға қалай жететінімізді және неге ұмтылатынымызды түсіндіреді. Ол компания қызметкерлерімен қатар бізбен қарым-қатынас жасайтын тараптар үшін біздің құндылықтарымыз бен мінез-құлық үлгілеріміз жайлы ортақ түсінік қалыптастырады.



**Біз –
ТШО-мыз**

МАҚСАТ

Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Республикасы, ТШО үлескерлеріне және қызметкерлерімізге барынша пайда әкелу.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ МАҚСАТ

Әлемдік мұнай-газ саласында қызметкерлерінің кәсіпқойлығы, серіктестік қатынастар және өндірістік көрсеткіштерімен ерекшеленетін ең қауіпсіз, барынша тиімді және табысты кәсіпорын болу.

ТШО БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Тед Этчисон
Бас директор

Құрметті оқырмандар,

ТШО-ның басшылығы мен оның үлкен ұжымының атынан назарларыңызға 2017 жылғы корпоративтік жауапкершілік туралы есепті ұсыну – біз үшін үлкен құрмет.

1993 жылы компания құрылғаннан бері біз мұнай мен табиғи газды қауіпсіз және сенімді түрде өндіру саласында үлкен жетістіктерге жеттік. Бұл нәтиже мыңдаған қызметкерлеріміздің қажырлы еңбегі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Серіктестеріміздің қолдауы арқасында мүмкін болды. Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға және Атырау облысы тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға зор үлес қосып келеді. Бұл орайда ТШО-ның Қазақстан және оның халқымен бірге өсіп, кемелденгенін сенімді түрде айтуға болады.

Келешек жұмыстарға келер болсақ, өнімділікті арттыру және көрсеткіштерді жақсарту мақсатында ТШО өндірістік процестерді цифрландыруға көше бастады. Өзіңіз білетіндей, бүгінгі күні заманауи цифрлық технологиялар жылдам дамып, өндіріс әдістерін кешенді өзгертуде. Цифрлық трансформация ТШО-ға да жаңа бизнес-процестер мен техникалық тұрғыдан әбден жетілдірілген тәсілдер, сонымен қатар, жаңаша ойлау мен әрекет ету қағидасын енгізу арқылы өнімділікті арттыруға көмектеседі.

Ең озық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылып отырған Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) мұрасының ретінде білікті мамандар, заманауи технологиялар және аймақтағы жетілдірілген инфрақұрылым қалары анық.

ТШО-да біз белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп қана қоймай, сол нәтижеге жету жолын білудің маңызды екендігін жақсы түсінеміз. Осы мақсатта 2017 жылы бірқатар негізгі құрылымдарды жұмылдыра отырып,

қызметімізге негізгі бағыт беретін құжат – «ТШО-ның сара жолына» бірқатар өзгерістер енгіздік. Жаңартылған миссия, алға қойған мақсат пен негізгі құндылықтар біздің кім екенімізді, қызметімізді қалай басқаратынымызды, бір-бірімізбен және мүдделі тараптармен қалай қарым-қатынас жасайтынымызды айқындайды.

«ТШО-ның сара жолы» қызметіміздің негізгі құндылықтарын сипаттап, күнделікті жұмысымыздағы мүдделі тараптармен қарым-қатынасымыздың адал да сенімді болуын қамтамасыз етуге баулиды. Бұл құжат – әртүрлілікті құрметтей алатын қолайлы да жағымды жұмыс ортасын құру деген ынтымазға көмек ретінде ойластырылған бірегей құрал. Ол бізді биік шыңдарды бағындыруға, әрдайым адалдық пен сеніммен әрекет етуге ынталандырады деп сенеміз. Бұл құжатта, сондай-ақ, корпоративтік жауапкершілік бойынша ұстанымымызбен таныса аласыз.

2017 жылғы корпоративтік жауапкершілік туралы есебімізде біздің қызметіміз заң аясында және әлеуметтік сала мен қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапкершілік қағидамызды ұстана отырып жүргізілетінін және өзіміз еңбек ететін қоғамға пайда әкелуді қамтамасыз ететін басты құндылықтарымыз туралы мәлімет келтірілген.

ТШО – Атырау облысының жауапты да жетекші әлеуметтік инвесторы. Бұл қалада бас кеңсеміз орналасқан және көптеген қызметкерлеріміз бен олардың отбасылары тұрады. Біз Атырау облысының әкімдігімен құрған ұзақ мерзімді серіктестігімізді жоғары бағалаймыз және осы аймаққа көрсетіп отырған қолдауымызды одан әрі жалғастыруға ынтылымыз.

Есептен көптеген қызық және пайдалы мәлімет аласыздар деген үміттеміз.



Мұрат Мұқашев
Бас директордың орынбасары

ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШТЕР

Біз мінсіздік пен оң нәтижелерге қол жеткізуге ұмтыламыз. Біз жоғары өнімділік пен тұрақты жетілуді көздейміз. Біз ТШО жоғары көрсеткіштеріне бағытталған мінез-құлық үлгісін ұстанамыз және әрекеттеріміз бен олардың нәтижелеріне жауаптымыз.



2017 жылы ТШО 1993 жылдан бері 3 млрд. баррель мұнай өндіру межесіне қол жеткізді

2017 жылы қызметкерлеріміздің ынта-жігерімен ТШО өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз етуді жалғастырды. Бұл біздің кәсіпорнымызды Қазақстанның экономикалық өсуіне ықпал ететін тұрақты да сенімді компания ретінде беделімізді одан әрі нығайта түсуге септігін тигізді.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ӨНІМДІ САТУ

- 2017 жылы ТШО жаңа жылдық өндіріс рекордын жаңалап және 1993 жылы құрылғаннан бері өндіріс көлемін 3 млрд. баррельге (шамамен 375 млн. тонна) жеткізе отырып, 28,7 млн. тонна шикі мұнай өндіріп, сатты.
- 2017 жылы ТШО шамамен 1,38 млн. тонна сұйылтылған газ, 7,45 млрд. текше метр құрғақ газ және 2,49 млн. тонна күкірт сатты.

ӨНДІРІС СЕΝІМДІЛІГІ

- ЕБЗ/ШГА және КТЖ зауыттары 98% деңгейде әлемдік деңгейдегі сенімділігін көрсетті.
- КТЖ зауытының 5-желісінде күрделі жөндеу жұмыстары бекітілген бюджетке сай және жұмыс күні шығындалмастан кестеден бұрын аяқталды.

КЕЛЕШЕК ҚУАТЫ

ТШО-ның өткен жылдардағы табысты дамуы мен жоғары көрсеткіштері келешекке инвестиция салуды жалғастыруға сенімділік берді. Жаһандық энергетика саласына ірі капитал құю жобаларының бірі Келешек кеңею жобасы - Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (КҚЖ-ҰЕҚБЖ) жүзеге асырыла басталды және ол Теңіздегі мұнайдың тәуліктік өндірісін шамамен 260 мың баррельге, толық қуатында шамамен 1 млн. баррельге дейін арттырады. Теңіз кен орнының қуаттылығын кеңейтудің келесі кезеңі елге және қазақстандықтардың жаңа буындарына алдағы көп жыл бойы пайда әкелуді көздейді.

КҚЖ-ҰЕҚБЖ – әлемдік масштабтағы жоба, ол әлемнің 11 елінде 19 түрлі локацияда жүзеге асырылуда.

2017 жылы КҚЖ-ҰЕҚБЖ жұмысшылары 25 миллионнан астам адам-сағат жұмыс атқарды.

Жыл аяғы бойынша 28 мың қазақстандық жобалау, сатып алу, модульдерді дайындау және құрылыс тәріздес бағыттар бойынша түрлі жұмыстарға тартылған.

ЦИФРАНДЫРУ

ТШО-да сенімді деректердің негізін қалау бойынша салынған бастапқы инвестициялар талдау құралдары, деректерді талдау, жасанды интеллект (ЖИ) және басқа да жаңа технологияларға қауіпсіздік, сенімділік және тиімділік көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді. Мәселен, КТЖ зауытындағы Кешенді оперативтік орталық (КОО) ұйымдасқан, қайталанбалы жұмыс процестерін пайдаланады, олар 2015 жылдан бері бірнеше жылда кезеңмен енгізілді. Олар өндіріс, техникалық қызмет көрсету, технологиялық процесті жобалау және автоматтандыру топтарына өзара әрекеттесіп, тәуліктік өндірісті барынша арттыру үшін шешімдерді оперативтік қабылдауға мүмкіндік береді.

ТШО басшылығы тәлімгерлік бағдарламасы және тоғыз ай не одан да ұзаққа созылатын тағылымдамадан өту арқылы қазақстандық қызметкерлердің деректерді талдау және өңдеу машықтарын белсенді түрде жетілдіруде.

Заманауи технологиялардың өндіріс сапасын арттыратындығы туралы тағы бір мысал ретінде ақпараттық технологиялар бөлімінің қауіпсіз жүргізуге бағытталған тәсілдерін жасақтағаны мен енгізгендігін атап өтуге болады. ТШО өндіріс бөлімі жүргізушілердің көлік айдау кезінде қысқа мерзімдік ұйқы фазасы сияқты шаршау белгілері 2017 жылы болған жол-көлік апаттарға жол ашқан негізгі қатер факторларының бірі екендігін анықтады.

Пилоттық жоба шеңберінде ТШО ақпараттық технологиялар бөлімі шаршау факторын 96%-ға азайтқан технологиялық шешім тапты: өндіріс бөлімі кен орнындағы автобустар мен жүк машиналары сияқты 50 көлікке пилоттық жоба ретінде шаршау мониторингінің борттық жүйесі орнатылды. Бұл жүйе орнатылған камера, адам бетіндегі мимиканы тану және жасанды интеллект арқылы жүргізушілерді ұйқы басу немесе олардың назары басқа жаққа ауған жағдайды анықтап, аудио және тактильдік сигнал түрінде уақытында белгі береді. Қазіргі уақытта жүйе алғашқы 450 көлікке орнатылды және ол қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай көтереді деп күтіліп отыр, әсіресе, бұл Теңіздегі өндіріс кеңеюінің келесі кезеңі – Келешек кеңею жобасы – Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы ілгерілеуімен жұмыстардың тоқтаусыз артуы кезінде өте маңызды.

Ұңғыма біртұтастығы технологиясы ұңғыманы пайдалану мерзімі ішінде флюидтердің бақыланбайтын ағып кету қатерін азайтуды көздейтін шешімдерді ұсынады. Бұл ТШО-дағы технологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең маңызды процестердің бірі. Ұңғымадағы проблемаларды, айталық, сағалық бағандағы қысымның артуын уақытында анықтау ұңғыманың біртұтастығы үшін аса маңызды. Сондай-ақ, ол мемлекеттік нормативтер мен денсаулық сақтау, қоршаған ортаны және еңбекті қорғау ережелерін орындау бойынша да маңызды.

Қазіргі уақытта ТШО басшылығы мен ақпараттық технология бөлімінің кәсіпқойлары ұңғыма ағынын өңдеу процесі және көлік қауіпсіздігін талдау деректері үшін кейінгі шешімдерді орындауда және бизнесті оңтайландыруды көздей отырып, толықтырылған шынайылық технологиясы, роботталған процестердің автоматтандырылуы және таратылған деректер тәріздес қосымша цифрлық технологияларды пайдалану мақсатында басымдылыққа ие бағыттарды енгізудің үш жылдық бағдарламасын жасақтауда.



* Ауыр жүктерді тасымалдау бағдары (CaTRO): 2017 жылдың тамызында аяқталған теңіз каналы құрылысы және айналма бассейнінің бақылаулық құю жұмыстары

АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігі, өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау біз үшін аса маңызды іс болып табылады. Біз салдары ауыр оқиғалардың алдын алуға басты ден қойып, өндірістік қызметімізде жарақат пен оқыс оқиғаларды болдырмауға барлық күш-жігерімізді саламыз.



2000 жылдан бері ТШО Теңіздегі қоршаған ортаға әсерді барынша төмендетуге бағытталған жобаларға

3 млрд. астам АҚШ долларын құрайтын инвестиция салды

АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ

ТШО жұмыс уақыты шығындалатын оқиғалар мен тіркелетін оқиғалар тәріздес саладағы стандарттық көрсеткіштер бойынша қауіпсіздік техникасының көшбасшы нормаларын жалғастырып келеді. Қауіпсіз жұмыс ТШО-ның негізгі құндылығы және әр қызметкердің міндеті болып табылады. 2017 жылы ТШО мен мердігер мекемелердің қызметкерлері жалпы 94,5 млн. адам-сағат жұмыс атқарды, осы уақытта жұмыс уақыты шығындалатын 4 жағдай тіркелді. Бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш болса да, ТШО келеңсіз жағдайлар бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізуге талпынады және осы саладағы жұмысын жақсартуды жалғастырады. Осы міндетті орындау өлім жағдайын болдырмауды және технологиялық қауіпсіздіктің алдын алуды қамтамасыз етеді. Бұлар құрылыс және келеңсіз жағдайсыз өндіріс процестері кезіндегі екі аса маңызды элемент болып табылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау – ТШО-ның негізгі құндылықтарының бірі және Өндірісті оңтайландыруды басқару жүйесінің (ӨОБЖ) басымдылыққа ие бағыты. Экология мәселелерін басқару аясындағы болжалдарға сай компания ӨО бойынша бес басты тапсырмаларының бірнешеуін орындаудағы өзінің әлеуетін кеңейтуде.

Өндірісті оңтайландыру міндеттері

- Апатсыз және қауіпсіз еңбек қызметін ұйымдастыруға қол жеткізуге ұмтылу
- Қауіпсіз жұмыс орнын қалыптастыруға және жұмыс орнында айтарлықтай қатер факторларын азайтуға жәрдемдесу
- Қоршаған орта мен қауіпсіз өндіріс үшін қауіп-қатерлерді анықтау және жою
- Активтердің біртұтастығы мен жабдықтардың сенімділігі шарттарында әлемдік деңгейдегі көрсеткіштерге ие жабдықтарды пайдалану
- Табиғи ресурстар мен компания активтерін тиімді пайдалану

ТШО экология мәселелерін басқару процесін іске қосты. Ол экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және активтің өмірлік цикліне ықтимал әсерлерді азайтуға бірізді, жүйелі әдістерді қолдануды қамтамасыз етеді. Экология мәселелерін басқару процесі ықтимал әсерлерді тиімді басқаруға әкеледі және өндірісті жоспарлау процесінде қарастыру үшін қоршаған ортаны жақсартудың жайлы мүмкіндіктерін анықтайды. Экология мәселелерін басқару процесін тиімді орындау қызметіміздің ықтимал және ұзақ мерзімдік салдарларын азайтуға және мерзімі аяқталған кезде активтерімізді пайдаланудан шығаруға керекті ресурстарды қысқартуға бағытталған.

Экология мәселелерін басқару процесін, соның ішінде қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және денсаулыққа әсерді бағалау процесін, табиғи ресурстарды реттейтін нормаларды және үшінші тараптардың қалдықтарды басқару стандартын бірізді және жүйелі орындау ТШО-ға Қазақстандағы ең үздік экологиялық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатына қарай жылжуын жалғастыруға ықпал етеді.

2000 жылдан бері ТШО Теңіздегі қоршаған ортаға әсерді барынша төмендетуге бағытталған жобаларға 3 млрд. астам АҚШ долларын инвестициялады.

Бұл инвестициялар ТШО-ға газды алауда жағуды және ауа тасталатын шығарындылар мөлшерін қысқартуға, сарқынды суды тазалауды жақсартуға және суды қайта пайдалану мөлшерін арттыруға мүмкіндік берді.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Ауаға тасталатын шығарындылар

Атмосфералық ауаны ластанудан қорғау ластауы ластаушы заттардың шоғырлануын арттыру немесе төмендету үдерістерін түсіну және мүмкіндігінше зиянды заттардың шығарындыларын жүйелі түрде азайту үшін есеп жүргізуді қамтиды. ТШО Қазақстан Республикасы заңнамалық талаптарын мұлтіксіз қадағалайды және заманауи технологияларды қолдану арқылы атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.



2000 жылдан бері өндірілген мұнай тоннасына шаққандағы шығарындылардың жалпы мәншіктік мөлшері 70%-ға азайды. Осы уақытта күрделі жобалар мен жабдық сенімділігіне жасалған инвестициялардың арқасында жылдық мұнай өндірісі 2,7 есе артты.

Газды алауда жағу

ТШО алауларда жағуды азайту бойынша бойынша ірі жобаларды, соның ішінде газ өңдеу қуаттылықтарын кеңейту жобасын жүзеге асырды.

Сенімділікті қамтамасыз ету және зауыттық қондырғыларды жаңарту жобалары 2000 жылдан бері ТШО алауларда жағылатын жалпы газ көлемін 79%-ға азайтуға мүмкіндік берді. 2000 жылдан бері ТШО газды алауда жағуды 84% қысқартуға қол жеткізді. Сонымен қатар 2014-2016 жж. алауларда газ жағу көлемінің шамалы артқаны байқалады. Бұл ТШО-ның жабдықтардың сенімділігін жақсарту жөніндегі ұмтылыстарына байланысты. ТШО жыл сайын көнерген жабдықты ауыстыру бойынша күрделі жобаларды жүзеге асырып отырды; ал жабдықтарды ауыстыру жұмыстары газдың алауда жиі жағылуын қажет етеді.

ТШО 2009 жылдан бері газды күнделікті жағуды тоқтатты. Сонымен бірге жабдықтарға профилактикалық техникалық қызмет көрсетуді, жөндеу жұмыстарын, өндірістік процестің ауытқуы бойынша профилактикалық жұмыстарды және күрделі жөндеу жұмыстарын қауіпсіз жолмен атқару үшін мезгілімен газды алауда жағып тұру қажет. Мұндай тәсіл ТШО-ның әлемдік деңгейдегі сенімділікке қол жеткізуімен қатар, Қазақстан Республикасы тапсыратын өндіріс көлемін ұстап тұруды мүмкін етеді.

Парниктік газдар

2013 жылдан бастап Қазақстан парниктік газдардың шығарындылары бойынша ішкі бақылау жүйесін іске қосты. 2010 жылдан бастап ТШО Қазақстан Республикасының статистикалық деректер жүйесінің

есептілігі талаптарын жылдық кадастрына енгізді. Осы шығарындылар кадастры мұнай өндірумен байланысты шығарындылар көздерінің барлық категорияларын қамтиды. ТШО өндірісі кезінде жиналған барлық деректерді өңдеу электр қуаты мен жылу өндіру парниктік газдар шығарындыларына ең үлкен категориясын құрайтынын көрсетіп отыр. Газды алауда жағу айтарлықтай азайғаннан кейін қалдық газдарды жағу мөлшері бойынша CO₂ шығарындылары көзінің келесі реттік категориясы болып табылады. Парниктік газдардың басқа көздеріне көмірсутегілерді өндіру, өңдеу және тасымалдау және солармен байланысты операциялар жатады. Шығарындылар кадастры бағдарламасы климат өзгерісіне ықтимал әсері бар келесідей шығарындыларды қамтиды: көміртегі қостотығы (CO₂), метан (CH₄) және азот диоксиді (N₂O). ТШО-ның мақсаты Қазақстан Республикасының бастамаларына қолдау көрсету және ҚР парниктік газдарды бағалау, бақылау және қадағалау бойынша жалпыұлттық науқанына қолдау көрсетуді жалғастыру болып табылады.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

ТШО қалдықтарды басқаруды 2017 жылы қол жеткізілген 55% деңгейінде ұстап тұру мүмкіндіктерін зерттеуде және қалдықтарды басқару қызметтері бойынша жергілікті нарықты дамытуға көп күш жұмсауда. ТШО қатты қалдықтардың 25-тен астам түрін өңдеуге жібереді. Бұдан бөлек, ТШО қағаз бен пластик бөтелкелерді жинау және оларды мердігер мекемелерге өңдеуге және қайта пайдалануға жөнелту арқылы өңдеу жобаларын жүзеге асыруда. Бұл Қазақстанда қалдықтарды өңдеу кәсіпшілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Бұрынғыдай, біз қазақстандық қамтуды дамытуды міндеттенеміз және қалдықтарды өңдеу саласындағы серіктестерімізбен бірге сыртқы қызмет ұсынушылардың қатысуымен қалдықтарды өңдеудің қосымша мүмкіндіктерін анықтауды жалғастырудамыз.

ТШО қатты қалдықтардың
25-тен астам түрін
қайта өңдеуге жібереді



2017 жылы өңделген не қайта пайдаланылған қалдық түрлері

- Пластмасса қалдықтары, соның ішінде пластик бөтелкелер
- Қағаз және картон қалдықтары
- Электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары
- Металл қалдықтары
- Бетон қалдықтары
- Құрылыс және бұзылған ғимарат қалдықтары
- Ағаш қалдықтары
- Пайдаланылған тегершіктер
- Жарамдылығы аяқталған көлік аккумуляторлары
- Мұнай қалдықтары

СУДЫ ҮНЕМДІ ҚОЛДАНУ

Өзінің өндірістік қызметін жүргізу барысында ТШО қызметкерлердің техникалық және тұрмыстық қажеттіліктері үшін суды күн сайын пайдаланады. ТШО негіз қалаушы әлеуметтік, табиғи және экономикалық ресурс болып табылатын тұщы судың жоғары құндылығын түсінеді, осыған байланысты суды үнемді пайдалануға үлкен көңіл бөледі. Теңіз кен орнының аймағында тұщы жерүсті және жерасты суларының жеке ресурстары болмағандықтан, Атырау облысының көптеген су тұтынушылары секілді ТШО-ның өндіріс нысандарын сумен жабдықтау «Астрахань-Маңғышлақ» су желісі арқылы Еділ өзені сағаларының бірі – Қиғаш өзенінің сол жағалауында орналасқан су тоғанынан жүргізіледі.

Канализациялық тазалау нысаны (КТН) және Суды қайта пайдалану қондырғысы (СҚПҚ) – тұщы су ресурстарын сақтауға және сарқынды суды тазалауды басқаруға бағытталған ТШО-ның ірі капиталдық жобалары. КТН тәулігіне 6 000 м³ сарқынды су тазалайтындай етіп жобаланған және ол 2014 жылы іске қосылды. КТН-нан келетін тазаланған сарқынды су СҚПҚ нысанын өндіріс қажеттілігіне жақсы сапада су өндіруге мүмкіндік береді. СҚПҚ жұмысы ТШО-ның тұщы суды сақтау және сарқынды суды басқару бастамасын қолдайды. 2016 жылы пайдалануға берілген қондырғы су ресурстарын басқару жөніндегі ұзақ мерзімдік, кешенді бағдарламаның маңызды компоненті болып табылады. ТШО-ның суды қайта пайдалану қондырғысында кері осмос көмегімен сарқынды судан сапалы техникалық су өндіріледі. Қондырғының конструкциясына сай ол ТШО-ның өндірістік қажеттілігіне тәулігіне 3 600 м³-ге дейін кері су өндіре алады. СҚПҚ нысанынан келетін кері су айналма судың жылдық мөлшерін 30%-дан жоғары деңгейге көтереді деп жорамалданып отыр.

ТШО-да Су ресурстарын басқару жоспары жасақталған. Ол су ресурстарын қысқа, орта және ұзақ мерзімде басқару стратегиясын құжаттайды. ТШО су ресурстарын пайдалануды басқарудың келесідей түрлеріне топтастыруға болатын түрлі жобаларды белсенді түрде іске асыруда:

- Шаңырақ, ТШО және вахталық поселкелерінде суды сақтау қондырғысын орнату арқылы суды үнемдеу
- Суды қайта пайдалану
 - *Бу өндіру үшін КТЛ зауытынан келетін SCOT суын пайдалану үшін жаңа қазандықта ультрафилтрациялау*
 - *КҚЖ қажеттіліктеріне үшін жерасты су және техникалық сападағы өңделген су тәріздес балама су көздерін пайдалану.*
- Сенімділікті арттыруға бағытталған жобалар
 - *Жаңа Құлсары-ТШО техникалық су желісін тарту үшін қаржылай қолдау көрсетті*
 - *Құлсарыда техникалық судың жаңа су бұру құбырымен бірге, соның ішінде ультрафилтрацияның қосымша қондырғысымен бірге жинақтау / буферлік резервуарлар орнату*
 - *СҚПҚ сенімділігін арттыру*
 - *Ауыз су тарту және су өлшеуіш құралын орнату*

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Пайдалы қазбаларды өндіру және құрылыс жұмыстарды орындау барысында топырақ жамылғысының бұзылуы, техногенді жер бедерінің қалыптасуы және жер жағдайының басқа да сапалық өзгерістері орын алады.

ТШО бұзылған немесе ластанған аумақтарды анықтау және оларды кейіннен қалпына келтіру мақсатында ТШО қызметінің аймағында техногенді бұзылған жерлерге жыл сайын мониторинг жүргізеді. Ластанған жерлердің жағдайына бағалау жұмыстары жүргізіледі, қалпына келтіру жобалары әзірленеді, анықталған және қалпына келтірілген жер телімдері бойынша деректер АркГИС деректер базасы мен картографиялық материалдарында көрсетіледі. Жердің жағдайы туралы мәліметтер жыл сайын мемлекеттік жер орналастыру органдарына жеткізіледі. 2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша ТШО техногенді бұзылған 1 327 гектар жерді қалпына келтіру жұмыстарын атқарды, бұл қалпына келтірілуі тиіс жерлердің 94%-ын құрайды, олардың басым бөлігі – жер бедері бұзылған жерлер. Осы тектес бұзылған жерлерді қалпына келтіру қоқыстарды жинау және шығару, шұңқырлар мен қоймаларды көму арқылы табиғи ландшафтыны қалпына келтіру, еңіс жерлер мен жер бедерінің кедір-бұдырларын тегістеу, сондай-ақ табиғи өсімдіктердің өсіп-өнуі үшін жағдай қалыптастыруды қамтиды. Қалпына келтірудің техникалық кезеңі жүргізілгеннен кейін қалпына келтірілген жер телімдерінде бірнеше жыл ішінде жергілікті құрғақшылық пен тұздылыққа төзімді өсімдіктер табиғи жолмен өсіп шығады. ТШО жоспарлы түрде жүргізетін бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары компанияның қоршаған ортаны сақтау және қорғауға қатысты стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстар компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаларына берілгендігін айғақтайды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ

ТШО өз қызметі аумағында ұдайы экологиялық мониторинг жүргізеді және ол қоршаған ортаның барлық компоненттері – ауа, су және топырақты қамтиды. Бұл ТШО қызметі ҚР нормаларына және Экология мәселелерін басқару бағдарламасы аясында өндірісті оңтайландыру бойынша болжауларға сай болу мақсатында жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны бақылау кешенді бағдарламасын ТШО мен лицензиялары бар мердігер компаниялар бірігіп жүзеге асырады.

Өлшеулердің барлық деректері ҚР экологиялық талаптарына сай әзірленген ТШО-ның Өнеркәсіптік бақылау бағдарламасына сай алынады.

Ауа мониторингі

Теңіздегі ТШО Санитарлық қорғау аймағы (СҚА) аумағында және периметрі бойында 12 автоматтандырылған қоршаған ортаны бақылау станциясы орналасқан. Стационарлық бақылау бекеттері ТШО вахталық поселке мен кен орнынан 95 шақырым жердегі Жаңа Қаратон ауылында орналасқан. Жылжымалы бекеттер зауыттың алау мұржалары теңірегінде апта сайынғы мониторинг жүргізеді. Зерттелетін компоненттердің фондық мәндерін алу үшін ауа сынама-сы зауыттың жел соғатын және жел астындағы жақтарынан зауыттан 16 шақырымға дейінгі аралықта түрлі орындардан алынады. Сынамалар, сондай-ақ, Теңіздегі зауыттардың ықтасын жағынан да 0,5-тен 15 шақырымға дейінгі жерден және Санитарлық қорғау аймағының периметрі бойынша алынады.

Топырақ мониторингі

Топырақтың жалпы және жергілікті ластануын бақылауды қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның ықпал аймағында топырақ сынамаларын алуға арналған 55 нүкте бар. Топырақ жағдайын бақылау барысында желдің көмегімен аумақ тысында әлеуетті ластанудың ықтималдығын анықтау үшін сынама алқаптары «жел тармақтарының» векторы бойымен белгіленеді. Топырақ алу нүктелерінің орналасуы топырақ жамылғысының құрамы, топырақ жағдайы мен басқа да шарттарға қарай аз ғана өзгеруі мүмкін.

Жерасты суы мониторингі

Жерасты суының сынамаларын алу және талдау Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативті-әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес және ТШО-ның өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сай жүзеге асырылады. Жерасты суларын бақылау ұңғыма арқылы жер беткейіндегі алғашқы екі сулы деңгейжиек бойынша жүргізіледі. Жерасты суының сапасы бойынша нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін білікті де кешенді қадағалауды қамтамасыз ету үшін жарамсыз ұңғымалар пайдаланудан шығарылады, ескілері не техникалық шарттарға сай келмейтіндері жүйелі түрде жөнделіп немесе жаңаларымен алмастырылады.

Ағын су мониторингі

Өнеркәсіптік ағын сулармен қатар санитарлық ағын сулар мониторингі ТШО-ға алқаптар, булану тоғандары мен жерасты деңгейжиектеріне жіберілетін

ағын сулардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді (техникалық су айдау ұңғымаларында кәдеге жаратылады) және ҚР-да бекітілген экологиялық нормалардың қадағалануын қамтамасыз етеді. Ағын суларды қадағалау булану алқаптары мен айдау ұңғымаларына ағызу нүктесінде жүргізіледі. Сынамаларды алу жиілігі мен оларды талдау бекітілген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сай келеді.

ККЖ-ҰЕҚБЖ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Жаһандық энергетика саласына ірі капитал құю жобаларының бірі Келешек кеңею жобасы - Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) жүзеге асырыла басталды және ол Теңіздегі мұнайдың тәуліктік өндірісін шамамен 260 мың баррельге, толық қуатында шамамен 1 млн. баррельге дейін арттырады.

ККЖ-ҰЕҚБЖ аясында ТШО аймақта қосымша бірнеше табиғат қорғау шараларын жүргізуде.

- Балық өсіру процесінің алдыңғы қатарлы технологиялары бойынша техникалық семинарлар ұйымдастыру, шабақтарға арналған сапалы жеммен қамтамасыз ету, шабақ өсірілетін тоған суындағы ерігін оттегі мөлшерін көбейту үшін аэратор ұсыну және сыртқы техникалық күтім көрсету үшін экскаватор сатып алып беру арқылы Жайық-Атырау бекіре өсіру зауытының жағдайын жақсарту шаралары;
- Қазақстанның биотүрлілікті сақтау ассоциациясына 2018-2019 жылдары қаржылай көмек арқылы далалық қызғыш құс тәріздес жойылу қаупі төнген жерүсті жануарларын сақтауға қолдау көрсету;
- Каспий бекіресі тәріздес жойылу қаупі төнген теңіз жануарларын қорғау және олардың көбеюіне үлес қосу үшін Ghostfishing.org ҰЕҰ-мен бірге теңіз каналдарындағы және жасанды аралдардағы және кеме жүретін каналдан тыс аумақта браконьерлік балық ауларын тазалау жобасы. 2017 жылы шамамен 2,8 тонна ау жиналып, өңдеуге берілді. Аулардан 55 түрлі бекіре тұқымдас балық босатылып, теңізге жіберілді. Қазіргі уақытта Каспий теңізін браконьерлік аулардан тазалаудың 2018 жылға арналған жоспары орындалуда.

** Каспий теңізінен иесіз ауларды шығару*



ӨЗГЕШЕЛІКТЕРДІ ҚҰРМЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚАТЫСТЫРУ

Бізде мәдениеттердің бірегейлігі мен әртүрлілігіне құрметпен қарайтын, әрі әр тұлғаның дарындылығын, тәжірибесі мен пікірін бағалайтын жұмыс ортасы қалыптасқан.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

«Теңізшевройл» ЖШС стратегияларының бірі – нәтижеге лайықты түрде қол жеткізу үшін жоғары білікті қызметкерлерді жетілдіру және қолдау мақсатында адам ресурстарына инвестициялау.

Компания қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын ұжымдағы еңбек және өндірістік қатынастарды реттеу, жалпы марапаттаудың тиімді жүйесін құру, жұмысшылардың мүмкіндіктері пен әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, кадрлық резервті оқыту, жетілдіру және жоспарлау, қызметкерлердің корпоративтік мәдениетін, компания құндылықтары мен стратегияларына адалдығын қолдауға бағытталған кең ауқымды әлеуметтік бағдарламалар, жеңілдіктер және бастамалар арқылы қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді басқару процесінің маңызды элементі – қызметкерлердің компанияның алдындағы мақсаттары мен міндеттері және әр қызметкердің ортақ мақсатқа қол жеткізудегі маңыздылығы туралы хабардар болуы. ТШО мақсаттары мен міндеттері жөнінде ақпараттандыру ТШО басшылығының еңбек ұжымымен және қызметкерлер өкілдерімен қызметкер қызметін басқару процесі аясында тұрақты кездесіп тұруы, ТШО-ның құрылымдық бөлімшелеріндегі және мердігер ұйымдарындағы еңбек және өндірістік қатынастарды қадағалау барысында, сонымен қатар, сенім телефоны және кері байланыс процесі арқылы жүзеге асырылады.

ТШО-ның қызметкерлер алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі 1996 жылдан бері күшіне енген

ұжымдық шартта рәсімделген. Ұжымдық шарт әр үш жыл сайын қайта қаралады, соңғы жаңартулар 2017 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Ұжымдық шарт қызметкерлер мен компанияның құқықтары мен міндеттерін қамтиды. Сонымен қатар шарт кең ауқымдағы мәселелерді талқылауға мүмкіндік беріп, осылайша, қызметкерлердің пікірлерінің ескерілуін қамтамасыз етеді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА АЛУ

ТШО-да қызметкерлерді басқару процесінің негізі кадрларды таяу және орташа мерзімдік келешекке стратегиялық жоспарлау болып табылады. Бұл процесте кадрлардағы қазақстандық қамтуға басты назар аударылады.

ТШО-ның жұмысқа алу процесі алдыңғы қатарлы технологияларға сай және ашық түрде өтеді. Компанияның сыртқы сайтында ТШО-ның бос жұмыс орындары туралы ақпарат жарияланады, осылайша бұл ресурс барлық әлеуетті үміткерлерге бірдей қолжетімді болып табылады. Компанияның қажеттіліктеріне қарай тек тәжірибелі мамандардан бөлек, жоғарғы оқу орындарының талантты түлектерін де жұмысқа алу ТШО-ның басты назарында.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ

ТШО алғашқы кезекте қызметкерлердің қауіпсіздігіне және жұмыстардың жарақатсыз және жазатайым оқиғасыз орындалуына назар аударады. Барлық ТШО мен мердігер ұйымдар қызметкерлері жұмысқа жіберілмес бұрын қауіпсіздік техникасы бойынша оқытудан өтуге міндетті. Оқыту заңды бекітілген түрлерден бөлек арнайы дайындалған корпоративтік тренингтер мен ықтимал қауіп-қатердің алдын алу мен оларды азайтуға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды.

2017 жылы ТШО-да қазақстандық штат қызметкерлерінің үлесі 83% құрады. Ал орта буындағы қазақстандық басшылар үлесі жалпы басшылық құрамның 67% құрады. 2017 жылдың соңына дейін 156 қазақстандық маман шетелдік жұмысшыларды алмастырып, менеджер, орта буын басшылығы және басты инженерлік-техникалық лауазымдарға тағайындалды.

Қызметкерлердің ұйымдастырушылық әлеуетін жетілдіруін қолдау мақсатында ТШО-да таланттарды басқару процесі қолданылады. Процестің басты мақсаты әлеуеті жоғары қызметкерлерді, болашақ көшбасшыларды табу және жетілдіру және компания қызметкерлерінің біліктілік деңгейіне қатысты бүгінгі және ертеңгі қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Тәжірибесі мол буынның жас буынға білімі мен тәжірибелерін үйретуіне аса көп мән беріледі, бұл өз кезегінде, ізбасарлық, қызметтерді жергіліктендіруді жоспарлау сияқты процестерді қолдайды. Таланттарды басқару процесіне қолдау ретінде көп деңгейлі Кадрларды жетілдіру комитеттері жұмыс істейді, олар қызметкерлерді жетілдіру бағдарламаларын енгізеді және жүзеге асырады.

ТШО ұйымдық құрылымның барлық деңгейіндегі жұмысшылардың көшбасшылық қабілеттерін біртіндеп

дамытуды қамтамасыз ететін көшбасшылықты дамытудың құрылымдалған бағдарламасын, тәлімгерлік бағдарламасын, техникалық және профильдік салалар бойынша ішкі арнайы бағдарламаларды және кросс-функционалдық тағайындауларды белсенді түрде іске асырып келеді.

Техникалық жоғарғы оқу орындарының ТШО-ға жұмысқа қабылданған түлектерін тез арада жетілдіру Horizons бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Аталған бағдарламаның тиімділігі сол, ол керекті техникалық салалар бойынша міндетті аудиторлық оқудан бөлек ресми тәлімгерлік және кросс-функционалдық тағайындауларды қамтиды.

Қауіпсіздік техникасы мен сенімділіктің нормаларына, жоғары технологиялық жабдығы бар зауыттарда жұмыс істеу талаптарына сай, жұмысшылар үшін компанияда техникалық және профильдік салалар бойынша төрт арнайы бағдарлама бар.

Соңғы бес жылда компания қызметкерлерді оқыту бағдарламаларына 37 млн. АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады. 2010 жылдан бері 134 қызметкер кәсіпорын есебінен компания қызметкерлеріне білім алуға көмек көрсету бағдарламасы аясында жоғарғы және жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім алды.

ТШО қазақстандық қызметкерлердің халықаралық еңбек тәжірибесін алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету шараларын жалғастырып келеді. 2017 жылдың соңындағы мәлімет бойынша 45 ТШО қызметкері уақытша шетелдік тағайындау және Қазақстан ішілік тағайындау бағдарламалары аясында «Шеврон» корпорациясының түрлі бөлімшелерінде еңбек ету мүмкіндігіне ие болды.

Бұдан бөлек, компанияда шеберлік сабақтары өткізіліп тұрады және «XYZ» қауымдастығы мен «Әйелдер қауымдастығы» жұмыс істейді. Олар білім алу мен тәжірибе алмасуға қосымша мүмкіндіктер береді. «XYZ Шеврон» қауымдастығы 2000 жылы ашылған және дүниежүзі бойынша оның 14 мың мүшесі бар. Атыраудағы «XYZ» қауымдастығы 2013 жылы ашылды және ол ТШО мен «Шеврон» құбыр зауыты қызметкерлерін қамтиды. Атыраудағы қауымдастық мүшелерінің саны бүгінгі таңда 700 адамнан асты.

XYZ қауымдастығының міндеті бір саладағы әріптестермен пікір және тәжірибе алмасу платформасын құру, бизнес-процестерді зерттеу, жаңа идеялар ойлап табу. Атыраудағы XYZ қауымдастығы жыл сайын түрлі ауқымдағы 30-дан астам сан алуан шараларды жүзеге асырады.

ТШО-дағы Әйелдер қауымдастығы 2013 жылы «Шеврон» корпорациясы тәжірибесін ескере отырып құрылды және қазіргі уақытта оның құрамында 300-ден астам мүше бар. ТШО Әйелдер қауымдастығы өзін-өзі таныту, тәжірибе алмасу, кәсіби жетілу, білім көтеру, өз ролі мен мүмкіндіктерін түсінуге қолайлы жағдай туғызады.

Әйелдер қауымдастығы әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді, сонымен қатар, жұмыс барысында әйелдер қандай сын-тегеуріндерге ұшырауы мүмкін екендігі жөнінде ер азаматтардың хабардарлығын арттыруды көздейді. Осылайша, 2017

жылы «Өзгешелікті құрметтеу және қызметкерлерді қатыстыру» құндылығын қолдау мақсатында әйелдер қауымдастығы «Шынайы өзгерістерді қолдайтын ер азаматтар» деп аталатын жаңа бастама MARC бағдарламасын енгізді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҰНТАЛАНДЫРУ

Еңбекақы жүйесі бірлік, объективтілік, бәсекеге қабілетті жалақы принциптеріне негізделген және жеке еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді (қызмет нәтижелері бойынша ақы төлеу). Жылдық еңбекақы бағдарламасы Қазақстан Республикасы еңбек нарығы мен мұнай-газ саласы, компанияның қаржы-экономикалық жағдайы және инфляция деңгейі бойынша талдау нәтижелерін ескере отырып қайта қаралып тұрады. ТШО өз қызметкерлерін бәсекеге қабілетті еңбекақымен қамтамасыз етеді. Бұл білікті мамандарды тартуға, оларды ұстап қалуға және ынталандыруға мүмкіндік береді.

Қызметкерлерге сыйақы төлеу жүйесі ортақ мақсаттарға жетуге бағытталған, қызметкерлер мен компания жұмысының басты көрсеткіштерімен өзара байланысты, қызметкерлердің жалпы жұмыс тиімділігін арттыруға деген қызығушылығын тудырады, қысқа мерзімді не ұзақ мерзімді сыйақылық төлемдерден құралады. Сонымен қатар, компанияда қызметкерлерге арналған бірқатар қосымша жеңілдіктер мен төлемақылар қарастырылған, мысалы медицина бөлімінің кеңесімен ақылы әлеуметтік демалыс беру, жылдық еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру жәрдемақысын төлеу және тағы басқа жеңілдіктер.

ТШО-да жұмысшылар үшін кең ауқымды әлеуметтік пакет бар. Төменде компанияның ең танымал әлеуметтік бағдарламаларының қысқаша сипаттамасы берілген.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ / САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ МЕН СПОРТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Компанияда қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын қорғауды көздейтін бағдарламалар бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТШО өз қызметкерлерін міндетті медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Қызметкерлер мен олардың отбасыларын ерікті медициналық сақтандыру отандық сақтандыру компаниялары арқылы қамтамасыз етіледі. 2017 жылы сақтандырылғандардың жалпы саны 9140 адам болды. ТШО компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін стандарттық қызметтер пакетін өтейді. Қызметкер сақтандырудың басқа категорияларын таңдай алады, бұл жағдайда ТШО пакеттің жалпы құнының 50-70% мөлшерін өтейді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ТШО-ның барлық қызметкерлері дене шынықтыру-сауықтыру орталықтарының қызметтерін пайдалану мүмкіндігіне ие. Олардың ақысын компания 137 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді. 2017 жылы осы бағдарлама бойынша төленген сома 500 мың АҚШ долларын құрады. Теңізде вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлер үшін жабдықталған тренажерлік залдар, бассейн және спорт алаңдары қолжетімді. Қызметкерлер үшін спорттық шаралар мен сайыстар өткізіледі.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлердің Теңізде орналасқан және заманауи медициналық техникамен жабдықталған клиниканың қызметін пайдалану мүмкіндігі бар. ТШО-да құпиялылық принципі сақтала отырып, ақысыз негізде компания қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету бағдарламасы табысты жұмыс істеуде.

ТҰРҒЫН ҮЙ НЕСИЕСІ БАҒДАРЛАМАСЫ

ТШО-да көптеген жылдар бойына тұрғын үй алу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайызсыз несие беру арқылы тұрғын үй несиесі бағдарламасы іске асырылып келеді. 2010 жылдан бері жалпы сомасы 111 млн. АҚШ доллары мөлшерінде 1 500-ден астам тұрғын үй несиесі берілді.



83%

қазақстандық штат қызметкерлерінің үлесі

67% —

орта және жоғары буындағы қазақстандық басшылар үлесі

«ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖЫЛДАРЫ ҮШІН МАРАПАТТАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Жыл сайын «Еңбек сіңірген жылдары үшін марапаттау» бағдарламасы аясында компаниядағы еңбек өтілінде мерейлі межеге жеткен қызметкерге (5 жыл және одан жоғары) сыйлық пен ТШО эмблемасы бар төсбелгі беріледі. 2017 жылы ТШО-ның 560 қызметкері осы бағдарламаға қатысты.

ТШО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «МИРАС-АТЫРАУ» БАЛАБАҚШАСЫ

2014 жылдан бастап компанияның Атырау қаласында тұратын қызметкерлерінің балалары үшін ТШО қаражатына салынған «Мирас-Атырау» балабақшасы қызмет етіп келеді. Балабақшаның оқу жоспары «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры» қоғамдық қорының ең жаңа бағдарламалары мен әдістемелері бойынша дайындалған. 2017 жылы қызметкерлердің балаларын балабақшада оқыту шығынын өтеу бойынша жалпы сома 1,6 млн. АҚШ долларын құрады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫНЫҢ ДЕМАЛЫСЫНА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ТШО қызметкерлердің балаларының демалысына жұмсалған шығындарды бір балаға 60 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қайтарады. Бағдарлама бойынша 2017 жылы төленген сома 280 мың АҚШ долларынан астам.

«ЖАС ҰРПАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Жоғары білім алу бойынша ТШО-ның көмек көрсету бағдарламасы жыл сайын 100-ден астам грант ұсынады. Бағдарлама компания қызметкерлерінің ұлттық және шетелдік университеттерде және



* «Мирас» балабақшасының тәрбиеленушілеріне арналған ТШО-ның бас кеңсесіндегі мерекелік концерт

колледждерде оқитын балаларына қаржылай көмек көрсетуге бағытталған.

1998 жылдан бері ТШО жоғары білім алуға қаржылай көмек ретінде 6,1 млн. АҚШ долларын бөлді. Бағдарлама бойынша 2016-2017 оқу жылында 126 студент бағдарламаға қатысты, жалпы төлем сомасы 370 мың АҚШ долларын құрады.

ТШО ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІ

2017 жылдың соңында «ТШО зейнеткері» мәртебесіне компанияның бұрынғы 370 қызметкері ие болды, бұл мәртебе компанияда жұмыс жасап жүріп зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерлерге беріледі. ТШО зейнеткерлеріне төленетін жылдық жеке материалдық көмек 300 айлық есептік көрсеткішті құрайды

* Басшылықтың ТШО зейнеткерлерімен өткізетін жыл сайынғы кездесуі



АДАЛДЫҚ ПЕН СЕНІМ

Біз өзіміз бен өзгелер алдында адалмыз. Ең жоғары этикалық ережелерді ұстанып, бір-бірімізге құрметпен қарау және қолдау көрсету арқылы сенімге ие болуға ұмтыламыз.



ТШО жергілікті жұртшылықпен, үкіметпен, бизнеспен, клиенттермен және қызметкерлермен өнімді, серіктестік және пайдалы қарым-қатынас орнатуға жұмыстанады.

2017 жылы ТШО КҚЖ-ҰЕҚБЖ аясында Атырау мен Маңғыстау облыстары жұртшылықтарының 550-ден астам өкілдерімен бірнеше рет консультациялық кездесу өткізді. ТШО өкілдері мен жобаның техникалық мамандары Атырау облысы және Жылыой ауданының Құлсары, Жаңа Қаратон, Қосшағыл, Шоқпартоғай, Тұрғызба, Ақкиізтоғай, Майкөмген тәріздес ауыл тұрғындарымен, Теңіздегі вахталық поселке және Маңғыстау облысының Ақтау қаласы мен Боранқұл, Құрық және Баутин тұрғындарымен кездесті.

Бұл консультациялық кездесулердің мақсаты жұртшылыққа жоба мен оның ілгерілеуі туралы жаңартылған ақпарат беру болатын. Бұл жұртшылық мүшелері үшін кез келген сұрақты талқылау немесе КҚЖ-ҰЕҚБЖ және басқа ірі жобалар, сондай-ақ, ТШО-ның ағымдағы қызметі бойынша сұрақ қоюға немесе пікір білдіруге жақсы ұсынады. ТШО мүдделі тараптардың ТШО қызметі мен жобалары туралы пікір алмасудағы белсенділігіне оң көзбен қарайды.

Консультациялық кездесулерде талқылауға түсетін негізгі мәселелер қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау, жұмыс орындары мен қазақстандық жұмыс күшін кәсіби оқыту, еңбек жағдайлары, инфрақұрылым, әлеуметтік жобалар, Теңіз кен орны, КҚЖ-ҰЕҚБЖ қызметі, Каспий теңізінің флорасы мен фаунасын сақтап қалуға қатысты болды.

ТШО, сонымен бірге, Атырау қаласы мен Жылыой ауданының Қоғамдық консультативтік

кеңес кездесулерін өткізіп тұрады. ҚКК құрамында Атырау облысы мен Жылыой ауданы өкілдерінің, БАҚ, ҰЕҰ және бизнес ассоциацияларының өкілдері бар. ТШО басшылығы Астана қаласында үкімет және парламент мүшелерімен кездеседі және осы кездесулер барысында ТШО қызметі туралы ақпарат беріледі, кері байланыс орнатылады. Сондай-ақ, республикалық БАҚ өкілдерімен де жылдық кездесулер ұйымдастырылады.

2017 жылдан бері ТШО Жылыой ауданында және Маңғыстау облысында жұртшылықпен байланыс мамандарын тағайындады. Олар жергілікті органдармен мәселелерді ұйымдастырумен айналысады және ҰЕҰ тәріздес жергілікті мүдделі тараптармен, ауыл ақсақалдарымен, жұмысшылармен және жұртшылықпен КҚЖ-ҰЕҚБЖ туралы ақпарат алмасу үшін 13 локацияда жүйелі түрде кездесіп тұрады. Кездесулерде презентация жасалып, талқылаулар болады және жұртшылық өкілдерінің ТШО қызметіне қатысты пікірі тыңдалады.

КЕРІ БАЙЛАНЫС ПРОЦЕСІ

Кері байланыс процесін пайдаланушылар саны артуда. 2017 жылы ол бойынша 370 мәлімдеу қабылданды. Бұлардың басым бөлігі жұмысқа орналасу және коммерциялық мүмкіндіктерге қатысты болды. Сондай-ақ, компания қызметі, жобалары, оқу практикасы, маркетинг туралы сауалдар да келеді. ТШО ескерту-ұсыныс берудің бірнеше жолын ұсынады: электрондық пошта арқылы: tcopf@tengizchevroil.com, тегін телефон желісі: 8-800-080-84-88 және Атырау облысы, соның ішінде Теңіз кенішінде және Маңғыстау облысында орналасқан кері байланыс жәшіктері.

СЕРІКТЕСТІК

Біз мемлекеттік органдар, үлескерлеріміз, жұртшылық, бизнес серіктестеріміз, тапсырыс берушілер мен жабдықтаушыларымыз және бір-бірімізбен сенімге негізделген, нәтижелі және конструктивті қарым-қатынас орнатудамыз. Бірлесе қол жеткізген табысымыз біз үшін ең басты жетістік.



ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ

1993 жылы құрылған уақыттан бері ТШО-ның Қазақстан Республикасына қосқан үлесі 125 млрд. АҚШ долларынан асты. Ол қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алуы ақыларын, ТШО-ның қазақстандық серіктесі «ҚазМұнайГаз» компаниясына төленген дивидендтерді, жер қойнауын пайдалану үшін мемлекет бюджетіне төленген салықтар мен роялтиді, сондай-ақ, ұлттық қызметкерлердің жалақыларын қамтиды.

2017 жылы Қазақстан экономикасына тікелей салынған қаражат 8,5 млрд. АҚШ долларын құрады.

1993 жылдан бері ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерге 24 млрд. астам АҚШ долларын инвестициялады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ

2017 жылы ТШО қазақстандық өнім шығарушылардан 2,5 млрд. АҚШ долларына тауарлар мен қызметтер сатып алды. ТШО-ның қазақстандық қамтуға салған инвестициялары, негізінен, қызметтерді сатып алуды көздейді. Бұл, бұрынғысынша, жергілікті қамтуды барынша тұрақты дамыту бағыты болады.

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясының басты аспектісі қазіргі және әлеуетті жабдықтаушылармен жұмыс жүргізу болып табылады.

Бұның мақсаты – олардың халықаралық сапа және стандарттарды түсінуі. Мұнай-газ кәсіпшілігінде серіктес болуы үшін олар осы талаптарға сай болулары тиіс.

2016-2017 жж. ТШО жаңа қазақстандық өнім шығарушыларды анықтап, жергілікті компаниялардың өндірістік мүмкіндіктерімен танысу үшін іссапармен Қазақстанның бірнеше аймағында болды.

Қазақстандық қамту ТШО-ның негізгі өндірісі және ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстандық тіркелген компаниялармен 500 астам келісімшартқа қол қойылды. ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасының қазақстандық қамту бойынша мақсаттық көрсеткіші жобаның жалпы шығындарының 32% құрайды. Бүгінгі таңда екі мыңнан астам қазақстандық компания алғашқы іріктеуден және бір мыңнан астам қазақстандық компания ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасына қызмет ұсыну үшін алдын ала квалификациялаудан өтті.

2017 жылы ККЖ-ҰЕҚБЖ үш ірі форум ұйымдастырды:

- Қаңтар айындағы құрылыс компанияларының форумы. Оған 254 компания қатысты. Форумның мақсаты – қазіргі және әлеуетті мердігерлерді жоба барысы, жобаға қатысу үшін алдын ала квалификациялау процесінен өту туралы ақпарат беру, сондай-ақ, компанияларға басқа құрылыс

және сервис компанияларымен бірге жұмыс жасау мүмкіндігін беру.

- Жабдықтаушылар форумы сәуір айында 128 қазақстандық компанияның қатысуымен өтті. Форум құрылыс жұмыстары орта және шағын көлемдегі келісімшарттарды орындау процесі аясында ұйымдастырылды. Форум мақсаты КҚЖ-ҰЕҚБЖ, жоба аясындағы алдағы құрылыс жұмыстарының орта және шағын көлемдері, сондай-ақ, жергілікті компанияларға жобаның құрылыс жұмыстарына қатысу мүмкіндігін беру туралы ақпарат алмасу болды.
- Маусым айында жұмысшыларды кәсіби даярлықтан өткізумен айналысатын 60 шақты қазақстандық және халықаралық компания ТШО-ның кәсіби дағды мен даярлықты бағалау жөніндегі форумына қатысты. Осы форумда КҚЖ-ҰЕҚБЖ кадрларды дайындау және сапаны бағалау бойынша талап етілетін стандарттар туралы ақпаратпен бөлісті.

Аталған форумдар ҚР Үкіметі мүшелерінің, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары әкімдіктерінің өкілдері қатысуымен өтті.

2017 жылдың тамыз айында Құлсары қаласында Жылыой ауданы және Боранқұл ауылы тұрғындары үшін бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді. Жылыой ауданының және Боранқұл ауылдық округінің әкімдіктері, Жылыой ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, ТШО-ның 40 мердігер мекемесі осы жәрмеңкеге қатысты. Нәтижесінде жұмыс іздеушілер 100 жұмыс туралы ұсыныс алды.

Осылайша, КҚЖ-ҰЕҚБЖ қазақстандық компаниялар мен халықаралық компаниялар арасында жобалау, модульдерді дайындау және бұрғылау саласында біріккен кәсіпорындар құруға ықпал ете отырып, жобалау, жоғары технологиялық қызмет көрсету, жобаларды басқару, құрылыс және модульдерді дайындау саласында жаңа мүмкіндіктер мұрасын қалыптастырады.

Сәуір айында Атырау облысы бойынша Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен ТШО жергілікті және халықаралық компаниялар, Атамекен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Қазақстанның сервистік компаниялар одағы үшін Техникалық қызмет көрсететін жабдықтаушы компаниялар форумын ұйымдастырды. Форум барысында қатысушыларға ТШО-ның жөндеу-эксплуатациялық қызметтері саласындағы жұмыс бағыттары, алдын ала квалификациялау талаптары және тендер өткізу мерзімдері туралы ақпарат берілді.

Маусым айында Ақтау декларациясы бойынша жұмыс тобының мүшелері - ТШО, НКОК, КПО және «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ Атырауда клапан өндірісімен байланысты барлық мүдделі тараптардың қатысуымен бизнес-семинар өткізді. Негізгі мақсат өндірілетін клапандардың мұнай және газ операторларының стандарттарына сай болуына барлық мүдделі тараптардың назарын аудару болатын. Тағы бір мақсат сала кәсіпорындарын жабдықтың осы категориясына қатысты операторлардың спецификациялары мен талаптары туралы мәлімет беру еді. Семинарға

60-тан астам қазақстандық және шетелдік компания өкілдері қатысып, ҚР аумағында клапан өндіруге қызығушылықтарын білдірді.

Мамыр айында Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша жүзеге асырылып жатқан бағдарлама бойынша ортақ баспасөз мәслихатын өткізді. Қазақстан Үкіметі мемлекеттік сатып алулардағы және мұнай-газ секторындағы жергілікті қамтуды арттыруға ұдайы еңбектенеді және ол бойынша халықаралық компаниялар меморандумға қол қойған. 2015 жылы ЕҚҚДБ мен ТШО Қазақстанда Шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету бойынша ортақ бағдарлама жасады. ТШО ЕҚҚДБ-ның Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету жөніндегі қазіргі бағдарламасына 500 мың АҚШ доллары көлемінде қосалқы қаржыландыру бөлді.

2017 жылдың соңына қарай Қазақстанның түрлі аймақтарынан 23 әлеуетті жабдықтаушы жергілікті консультанттармен және 2 халықаралық сарапшымен жоба дайындауды бастап кетті. Бұл консультативтік жобалар компанияларға ISO стандарттарына сай сапа басқару жүйесін енгізу бойынша техникалық білім тәріздес ноу-хауға жол ашады немесе, айталық, бухгалтерлік есепті жүргізуді және қаржы ресурстарын басқаруды жақсартуға көмектеседі. Шағын және орта кәсіпорындар шығындарды бөлісу негізінде жобаның жалпы құнының 75% дейін көтере отырып, жергілікті консультанттармен және халықаралық салалық сарапшылармен жұмыс жүргізеді.

Қараша айында Қазақстан мұнай-газ кен орындарындағы төрт ірі мұнай-газ операторы ТШО, НКОК, КПО және ҚМГ Атырау облысының Кәсіпкерлер палатасы қолдауымен Атырауда Қалдықтарды басқару жөніндегі форум өткізді. Форумның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарындағы соңғы өзгерістерді қаперге ала отырып, қалдықтарды өңдеу секторындағы мүмкіндіктерді анықтау үшін жергілікті кәсіпорындар мен мұнай және газ операторлары арасында ақпарат алмасу платформасын ұсыну.



КҚЖ-ҰЕҚБЖ жобасына қызмет ұсыну үшін екі мыңнан астам қазақстандық компания алғашқы іріктеуден және бір мыңнан астам қазақстандық компания алдын ала квалификациялаудан өтті

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН СЕРІКТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

1993 жылдан бері ТШО Атырау облысы халқы мен өз қызметкерлері үшін түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 1,4 млрд. астам АҚШ долларын жұмсады. «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы арқылы ТШО Атырау облысында 84 жобаны жүзеге асырды.

ТШО «Игілік» бағдарламасы аясында 2017 жылы мектеп, балабақша, мәдениет үйі, спорт кешені және т.б. әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруға 25 млн. АҚШ долларын жұмсады.

Сонымен бірге, ТШО Атырау облысында тоғыз маңызды әлеуметтік инфрақұрылым жобасын, соның ішінде арнайы техникалық гимназия және Ретро-саябақ құрылысын аяқтады. «Игілік» бағдарламасының 2017 жылы аяқталған жобалары жергілікті әкімдік пен жұртшылықтың жоғары бағасына ие болды.

2017 жылы Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында жергілікті және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта ТШО әлеуметтік салағы 1,06 млн. АҚШ доллары көлемінде жалпы инвестициямен Атырау облысында білім беру, денсаулық сақтау және кәсіпкерлікті дамыту салаларын жақсарту жобаларын қаржыландырды. Осы ұйымдардың қатарында «Қазақстанның тәуелсіз буыны» ЖҚҰ, Қазақстанның отбасылық дәрігерлер ассоциациясы (ҚОДА), «PYXERA Global» - «Ынтымақ Атырау» ҰЕҰ, Орта Азияның Еуразия қоры (ОАЕҚ), Британдық кеңес, «Жаңа ақпараттық серпін» және «Мүгедек әлемі» қоғамдық бірлестіктері бар.

Бірақ, сонымен бірге, әлеуметтік инвестициялар бағдарламасының негізгі мақсатынан бөлек ТШО жергілікті ҰЕҰ-лардың да әлеуетін дамытуға ықпал етіп отырғанын атап өту қажет. Халықаралық ҰЕҰ-лар ТШО-ның серіктесіне айналып, артынан алдағы грант

конкурстарына қатысу үшін білімі мен тәжірибесін үйретіп, жергілікті ҰЕҰ құруға көмектескен табыс тарихының үлгілері де жоқ емес.

2010 жылдан 2017 жылға дейін ТШО ҰЕҰ-лармен бірге жалпы сомасы 6 млн. АҚШ доллары болатын 57 жобаны жүзеге асырды. Бұл жобаларда білім беруге, денсаулық сақтауға, жергілікті кәсіпорындарға қолдау көрсетуге және экологиялық сауаттылықты арттыруға назар аударылды.

БРИТАНДЫҚ КЕҢЕСТІҢ АТЫРАУДАҒЫ «ТАБЫСҚА АРНАЛҒАН АҒЫЛШЫН ТІЛІ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Екі негізгі серіктес – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен Жылыой ауданының білім департаменті жобаны жүзеге асыру кезінде барлық кезеңде қолдау көрсетіп, дәрістер үшін тегін оқу бөлмелерін ұсыну арқылы өз үлестерін қосты. Жобаны жүзеге асыру кезінде Атырау қалалық білім басқармасы, Атырау қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі, АРЕК колледжі, Атырау инженерлік-гуманитарлық институты, «Қазақ тілі қоғамы» және басқа оқу орындары қолдауларын көрсетті.

- Жалпы 160 ағылшын тілі және жаратылыстану пәндері мұғалімдері түрлі оқу бағдарламалары бойынша Атырау және Құлсары қалаларында дәріс алды.
- Университеттің 25 студенті оқу курсын аяқтап, Cambridge ESOL TKT сертификатын алды.
- Британдық кеңес үйлестірушілері 10 мектепте кездесу өткізді.
- 65 студент сөйлеу дағдысын дамыту және театр клубтарына қатысты.
- Атырау мемлекеттік университетінде «English Only Space» ресурс орталығы ашылып, толықтай іске қосылды.

* Атырау қаласында "Игілік" бағдарламасы аясында салынған Ретро-саябақ



- Қазақстанның мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова және ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев «English Only Space» ресурстық орталығында және Атырау мемлекеттік университетінде болды.

«АТЫРАУ ҚАЛАСЫ МЕН ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ БІЛІМІНДЕ «ЖАРҚЫРА» БАҒДАРЛАМАСЫ» ЖОБАСЫ Орталық Азияның Еуразия қоры (ОАЕҚ)

- ОАЕҚ әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша жеті жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсетті;
- 20 сабақ және үш тағылымдама өткізілді;
- 56 тікелей бенефициар мен аймақтың 420 тұрғынына қызмет көрсетілді.

Байбатыров Әзілхан «Пластик қалдықтарды жинау және өңдеу» жобасын жүзеге асыру барысында оған қосымша инвестицияларды белсенді тартты.

«ОАЕҚ және ТШО-ның пайызсыз несиесі арқасында мен «Газель» көлігін сатып алдым. Оның көмегімен мен пластик қалдықтарды жинай аламын. «Жарқыра» бағдарламасы аясында өткізілетін тренингтер бизнес стратегиясын дұрыс құрып, маркетинг және қаржы мәселелерімен жұмыс істеп, жұмысымызды БАҚ-та және әлеуметтік желілерде кеңінен жариялауға көмектесті. Бұл көптеген қалалықтарды осы жобамен таныстыруға мүмкіндік берді. Алғашқы жетістіктеріміз де бар: қаланың ықшам аудандарында пластик ыдыстарды жинау үшін 400 контейнер қойылды. Қазірдің өзінде 30 тоннадан астам пластик қоқыс жиналды. Компания бір адаммен басталып, қазір ұжымда жеті адам еңбек етуде».

«МЕНИҢ КӘСІБИ ТАҢДАУЫМ» ЖОБАСЫ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҰРПАҒЫ» (ҚТҰ) ЖҚҰ

Бұл бағдарлама 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге, оқушыларға, жетімдер үйі мен мектеп-интернат тәрбиеленушілеріне және Атырау қаласы мен Жылыой ауданы білім беру ұйымдары мамандарына ынтымақтастыққа және ата-аналармен әрекеттесуге арналған.

- 249 оқушы мамандық таңдау сынағынан өтті;
- 283 оқушы тренингтерден өтті;
- 208 ата-ана кездесулер мен тренингтерге қатысты;
- 211 мұғалім жобаға қатысты;
- 118 оқушы мектептен кейінгі шараларға қатысты;
- 195 оқушы жазғы демалыс кезіндегі семинарларға қатысты.

Куикбаев Ерназ жазғы лагерь туралы алған әсерімен бөлісті:

«Алғашқы күні бізге ағаш бетін тегістеуді үйретті. Тегістеу бойынша бірнеше сабақ болды. Кейіннен үйреніп кеттім. Одан кейін ағаш оюды үйретті. Содан кейін сурет бояуды үйрендік. Мен дұрыс бояй алмадым, өйткені, бұл қолымнан келмеді. Мені біздің шеберіміз үйретті. Сабақтарда мен көп нәрсе үйрендім. Рахмет!».

«ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕМДЕУ» Қазақстанның отбасылық дәрігерлер ассоциациясы (ҚОДА)

- ҚОДА тұрғындардың қан қысымын тексеру және түсінік беру жұмыстары бойынша 73 нақандық шара жүргізді. Нәтижесінде Атырау облысының 5 220 тұрғыны өздерінің қан қысымдарын тексеріп алды.

* Оқушылар ағаш пен металл бұйымдарын жасауды үйренуде





* Шабақтарды құтқару

«ҚОЛТАҢБА ШЕБЕРХАНАСЫ» «Мүгедек әлемі» қоғамдық бірлестігі

Бұл бағдарлама әрмен қарай жұмысқа орналасу мүмкіндігімен ұлттық кәдесый жасауды үйретуді ұйымдастыру арқылы Атырау қаласындағы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау білдіруге арналған.

- Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі 102 адам;
- 115 күн қолөнер және ағаш ұсталығы дәрістері;
- 200 астам қолөнер бұйымы жасалды;
- 100 астам ағаш бұйым дайындалды.

Бағдарлама қатысушысының пікірі:

“Маған қолөнер үйірмесі қатты ұнайды, мұнда көп нәрсе үйрендім, күнде қалмай келемін. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандар үшін аса зәру жоба. Алдағы уақытта осындай жобалар көп болсын демекпін,» - дейді Ғабдуллина Әсемгүл.



«ЫНТЫМАҚ» ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Рухера Global YEҰ жүзеге асыратын бағдарлама волонтерлік қызметі мен қаржы жинау бастамалары арқасында тұрақты экономикалық гүлдену үшін жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік капиталын арттыруға бағытталған. ТШО қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері мен жергілікті волонтерлер бағдарламаға қолдау көрсетіп отыр.

2017 жылы бірнеше түрлі ерікті бастама ұйымдастырылды. Гуманитарлық колледжде, Атырау мұнай және газ университетінде және Атырау мемлекеттік университетінде Ағылшын тілі клубы ұйымдастырылды. Негізінен ол аз қамтылған отбасылардың және Жасөспірімдер үйінің балаларына арналған. Сондай-ақ, әлеуметтік дағдыларды дамыту және компьютерлік сауаттылық бойынша лекциялар оқылды.

Тағы бір жоба – «Есту аппараттары» бастамасы есту қабілетін бұзылған балаларға есту аппаратын сатып әперу үшін «Атырау Достары» ұйымымен бірге дайындалды. Жоба аясында табысы төмен және толық емес отбасыларға киім-кешек жинау, мектеп бұйымдарын алып беру, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік көрсеңкесін алу шаралары ұйымдастырылды. Жасөспірімдер үйінің 17-23 жас аралығындағы жетім балаларына компьютерлік сауаттылық дәрістері мен тұлғалық даму және кәсіби бағдар тренингтері өткізілді.

Волонтерлер ТШО қызметкерлерінен ерікті қайырымдылық ретінде қаражат жинауға көмектесуін жалғастыруда. «Ынтымақ» бағдарламасы аз қамтылған отбасыларына, балалар үйі мен мүгедек жандарға, барлығы 1 500 тікелей бенефициарға қолдау көрсету үшін жалпы құны 300 мыңнан астам АҚШ долларын жинады.

- Табысы төмен 60 отбасыға және Жасөспірімдер үйі мен Балаларды бейімдеу орталығының тәрбиеленушілеріне 586 кг киім алынды;
- Есту және сөйлеу қабілеті бұзылған 14 балаға 20 есту аппараты алынды;
- Қарттар үйінде Халықаралық қариялар күні атап өтілді. Мұнда 102 зейнеткер тұрады;
- Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілеріне азық-түлік, гигиена құралдары және көптеген тұрмыстық техника алып берілді;
- Табысы төмен отбасылар үшін 181 азық-түлік кәрзеңкесі сатып алынып, таратылды;
- Табысы төмен отбасылар үшін 335 дана мектеп құралдары сатып алынып, таратылды;
- Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері үшін пикник ұйымдастырылды;
- Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері үшін ТШО туры ұйымдастырылды;
- Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері мен Бейімдеу орталығының балалары үшін компьютерлік курстар ұйымдастырылды;
- Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері үшін тұлғалық жетілу және кәсіби даярлық өтті;
- Жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері үшін кино кеші өткізілді;
- Шабақтарды құтқару шарасы аясында тоғандардан 28 мың балық ауланып, өзенге жіберілді.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДӘУІР ҚОҒАМЫ

Жоба аясында Атырау облысының және Жылыой ауданының білім беру мекемелері мен қоғамдық бірлестіктеріне жаңа технологияларды оқыту жүргізіліп, техникалық қызмет көрсетілді.

2012 жылы басталған жобадан АТ тренингтеріне сұраныс жоғары. Әр жылы қатысушылар бастапқыдан озыққа дейін түрлі деңгейлер бойынша тренингтерден өтуде. Мұндай тренингтерге Атырау қаласы мен Жылыой ауданындағы мектеп мұғалімдері, балабақша



тәрбиешілері, Аналар үйінің келушілері, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, мектеп-интернат тәрбиеленушілері және басқалары қатысады.

- 732 адам жобаға қатысты;
- Мектеп оқушылары компьютерлік сауаттылық және бағдарламалық жасақтама тренингтеріне қатысты;
- 468 сағатқа созылған 255 сабақ өткізілді.

Бағдарламаға қатысқандар өз әсерлерімен бөлісті:

Жабаров Рустам, «Шаңырақ» балалар үйінің тәрбиеленушісі:

«Бұрын мен тренингтерге қатыстым және өз компьютерімде бейнероликтер жасадым. Бірақ ол істен шыққаннан кейін оны жөндеуге мүмкіндік болмады да, ол қалып қойған болатын. Бізге компьютерді жөндеу курсы болады деген кезде мен қуана тіркелдім. Курста біз компьютерді бөлшектерге тарқатып, қайтадан жинадық. Осылайша, әрбір бөліктің қандай жұмыс атқаратынын үйрендік. Осыдан кейін өз компьютерімде не бұзылғанын анықтау қиынға соқпады. Көршілерімде де ескі компьютер болатын. Оның бөлшектерін алып, бір компьютер құрастырдық. Енді барлық бағдарламалары бар компьютеріміз бар. Оларды өзіміз орнаттық».



ТШО-ның үкімет және жұртшылықпен байланыс бөлімі
www.tengizchevroil.kz
2018 жыл